

Бүгін Қаптанбек ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті. Жиналысқа аудан әкімі М.Отаршиев, «Аманат» партиясынан сайланған депутат, аудандық мәслихаттың хатшысы С.Таскулов, аудандық мәслихаттың бір топ депутаттары, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Кездесу барысында, М.Отаршиев Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Аудан әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Ауылдық округ тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасалып, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырылды. Қаптанбек ауылдық округ тұрғындары «Чечерино» атауды «Сіргелі» деп өзгертуге ықпал жасауды, интернет желісі және жайылым жерлер бойынша сұрақтар қойылды. 20.04.2022 жылы аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында «Чечерино» атауын «Сіргелі» деп өзгертуге аудан әкімінің ұсынысымен сессия отырысында қаралып, облыстық онамастика комиссиясының қарауына шешім шығарылып берілгендігін атап өтті. Интернет желісінің жұмысын жақсарту мақсатында аудандық мәслихаттың депутаты Қ.Салыбек өз тарапынан көмек көрсететіні жеткізілді. Ал, жайылым жерлер бойынша аудан әкімімен алдағы уақытта тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді.

Жиын соңында Қаптанбек ауылдық округінің тұрғындары 2021 жылы атқарылған жұмыстарға алғысын білдіріп, қанағаттандырарлық баға берді.